

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 185 – 188

UDK: 323.1+343.352:297

S.B. Omarova

Master's Degree Student of the Egyptian University of Islamic Culture
E-mail: omarovasaule92@mail.ru

THE IMPACT OF CORRUPTION ON SOCIETY, ECONOMY, NATIONAL SECURITY AND METHODS OF FIGHTING CORRUPTION IN ISLAMIC SHARIA

Abstract. The Islam religion draws great attention to peace of society and tries to fight against any kinds of criminal manifestation. Corruption is the crime generated by a lie. The bribe taker and the recipient help each other not only with a lie, but also with concealment of obvious. It breaks the structure and foundation of the state, gradually destroying it. In addition, it negatively affects a person's character and destroys such qualities as trust and shame. Therefore, the sharia not only suppresses any kind of crime, but also warns it by fighting them. Besides, the task is also to clarify corruption as a social problem, deceiving a person, pushing humanity to eyewash, philistinism and spiritual degradation.

Keywords: The consequences of corruption, spiritual cleansing and education, prevention of danger, perseverance.

ӘОЖ: 323.1+343.352:297

С.Б. Омарова

Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің магистранты

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМҒА, ЭКОНОМИКАҒА, ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ШАРИҒАТЫНДА ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ ШАРАЛАРЫ

Аннотация. Ислам діні қоғамның бейбітшілігі мен тыныштығына басты мән береді, қылмыстық құбылыстармен пәрменді күрес жүргізуге барын салуда. Жемқорлық – жалған мен өтіріктен туындаған қылмыс. Пара беруші мен пара алушы өзара бір-біріне өтірікте ғана жәрдем беріспей, сонымен қатар, ақиқатты жасыруда да бір-біріне көмектеседі. Ол мемлекеттің құрылымы мен негізіне балта шауып, бірте-бірте оны ыдыратып бұзады. Сонымен қатар, адам баласының мінез-құлқына және аманатшылдық, ұят атты қасиеттеріне үлкен сызат түсіреді. Сондықтан, шариғат қылмыстылықтың кез келген түріне жол бермей, оның алдын алу шараларына, онымен күресуде зор мән береді, әрі жемқорлықтың адам баласын алдау-арбауға, көзбояушылық пен дүниеқоңыздыққа итермелейтін, рухани азғындыққа салатын қоғамдық проблемалардың бірі екендігін исламдық танымда түсіндіру.

Түйін сөздер: жемқорлық зардаптары, рухани тазару мен тәрбиелену, қауіп-қатердің алдын алу және табандылық.

Жемқорлық пара алушы мен пара берушіге қарсы өзіне үлкен қауіпті зардаптарды қамтығандықтан ислам шариғаты оған қатаң тыйым салды. Келесі пунктерде оның бірнеше зардаптарына егжей-тегжейлі тоқталамыз:

1. *Жемқорлық – заңсыз жолмен малды жемтік қылу:* адамдардың мал-мүлкін жалғандық, әділетсіздік арқылы табыс табу жемқорлықтың салдары, нәтижесі болып табылады. Яғни, пара беруші өз ісінің заңсыз шешілуінде мемлекет қызметкерінен көмек алуы, қызметкердің оны қабылдауы заңсыз жолмен пайда табушылық және сол харам табыстарымен өздерін, отбасы мүшелерін қамтамасыз етушілер болмақ. Алла Тағала Құранда: «Араларындағы малдарыңды арам жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра

адамдардың малынан бір бөлігін жеу үшін билерге апармандар» делінген. Пайғамбардан(с.а.у.): «Мұсылман кісіге жақсы жолмен тапқан малы ғана өзіне халал болып саналады» деген хадисі жеткен.

2. *Жемқорлық берекеттің жойылуына және адамдардың зұлымдыққа ұшырауына әкеледі:* хараммен іс жүргізу, адамдарға зұлымдық жасау және олардың дүниесін арам жолмен жеу жер бетіндегі деннің саулығы, уақыт берекесі, ризық-несібе және өмірдегі кез келген берекеттің жойылуына себепші болатын қатерлі істерден. Расында, өз мүддесін меңзеп алдау-арбау арқылы адамдарға зұлымдық жасаушы, олардың пайдаларына тосқауыл қоятын қызметкер Алла мен Оның елшісіне қарсы келген болады.

3. *Жемқорлық – күнә мен дұшпандыққа сай жәрдем жасаудың бір түрі:* Пара берушінің өзі лайық болмаған орынға жетуге жасаған әрекеттері. Ал, пара алушы күнә мен дұшпандыққа сай жәрдем жасауы. Бұл Алла Тағала тарапынан қатаң тыйым салынған, керісінше, адам адамға ізгілік пен жақсылықта жәрдем беруге бұйырылған. Құранда: **«Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер. Алладан қорқыңдар! Күдіксіз Алланың азабы қатты»**[1; 106-6].

Жемқорлық – жалған мен өтіріктен туындаған қылмыс. Пара беруші мен пара алушы өзара бір-біріне өтірікте ғана жәрдем беріспейді, сонымен қатар, ақиқатты жасыруда да бір-біріне көмектеседі. Жемқорлықтың осы екі тарапы Алла елшісінің мына хадисінде баяндалады: «Кім бізге қарсы қару-жарак көтерсе және бізді алдаса, бізден емес»[2; 67-6].

4. *Жемқорлық – аманатқа қиянат жасау:* Пара алушы жемқорлық арқылы пара берушіден өз қалтасы үшін басқалардың құқығына зиян тигізетін үкім шығарады немесе лайық адамға қарағанда, лайық емес адамға орын табыстайды не, қандай да бір істің жүзеге асуын заңсыз жеңілдетін береді. Күмәнсіз, осы аталған бұрыс әрекеттерде ақиқат жалғандықпен бейнеленеді және жоғары мемлекет басшылығының аманаттап, сеніп тапсырған талаптарына жасаған қиянат болып есептеледі[3; 135-б]. Негізінде, аманат дегеніміз – берілген міндетті өз орнына, не иесіне қайтару. Алла Тағала «Әнфәл» сүресінде қиянатқа кескінді тыйым салған: **«Әй, мүміндер! Аллаға, әрі Елшісіне опасыздық қылмандар; тағы біле тұра аманаттарыңа қиянат қылмандар»**[1; 77-б].

5. *Жемқорлық адамнан парасаттылықты кетіріп, бойда опасыздық мінез-құллықты қалыптастырады:* Жемқорлыққа қол батыру шарифатта заңсыз, харам іс деп көрсетілуі осы қылмыс пара алушының бойында опасыздық жаман қасиеттің бойлауына және күнделікті өмірде жанындағы адамдарға опасыз болуға дағдыландыруында. Нәтижеде, кез келген адамға әрдайым жақсылық жасауға сараң болады және дүниемансаптың құлы болып, жүктелген жұмыстарды тек пара ұсынылған кезде ғана орындайтын болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Алла Тағалаға, Ақыретке иман келтірген әрбір мұсылманды ізгілік пен жақсылыққа шақырып, қуанышты хабарлармен сүйіншілеген болатын. Мына хадисінде: «Мейірімділерді ерекше Рахымды Алла мейіріміне алады, жер бетіндегілерге мейіріммен қараңдар! Сонда сендерді аса ұлы Алла мейірімге бөлейді» деп келеді[2; 137-б].

6. *Жемқорлық – пара беруші мен пара алушыны да Алла Тағаланың лағынеті мен ақыреттік жаза мен азапқа салатын қылмыс:* Айша анамыздан (р. а), ол: «Алла елшісі пара беруші мен пара алушыны және делдал болушыны лағынеттеді, яғни екеуінің арасында жүретін адамды» деп айтты. Негізінде, лағынет сөзінің мағынасы – Алланың мейірімінен алыстатылу деген ұғымды білдіреді. Алла мен Оның елшісі тарапынан паракорларға түскен лағынет белгілері олардан жан тыныштығы, уайым, үрей, қорқыныш және жасқаншақтық пен жалтақтық, сайып келгенде, әлеуметтік тұрақсыздықтары секілді қимыл-әрекеттерінен байқалады. Өйткені, олар күнә табылған істі бас пайдаларына асырғандары үшін әрі мұсылман бауырларының құқықтарын жерге таптағандықтарынан олардың осындай жай-күйлерге салынулары бұл дүниеде лезде берілетін жазалары, жасаған қылмыстарының қайтарымы болып саналмақ. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадисінде: «Ішінде паракорлық көрініс тапқан қауымды қорқыныш билейді» деп білдірілген.

10. *Жемқорлық жүректе жасырын кекті тудырады және пара беруші өз бойында қорлықты сезеді:* себебі, пара беруші пара алушыға пара берін жатқан кезде оны жек көрген, ақшасын бергісі келмеген күйде болады, әрі қоғамда кез келген іс-әрекет өлшемге салына бастайды. Кім пара ұсынса, мақсат-қажеттілігіне жетеді, бірақ басқаның хақысына қол сұғады, оған зұлымдық жасайды, ал шамасы келмейтін әлсіздер қуғын сүргінге түсіп, хақысынан мақрұм қалады.

Қорыта келе, жемқорлық – мемлекеттің әлеуметтік құндылығына қауін-қатер әкелетін, экономиканың қарқынды дамуына тосқауылдар салатын зиянкес дерт. Ол мемлекеттің құрылымы мен негізіне балта шауып, бірте-бірте оны ыдыратып бұзады. Сонымен қатар, сол мемлекеттің бір маңызды деталі болып саналатын адам баласының мінез-құлқын, табиғи болмысын және аманатшылдық, ұят атты және тағы басқа да қасиеттеріне үлкен сызат түсіреді.

Жемқорлықтың тигізетін зардаптары оның құрамдас бөліктерімен ғана шектелмейді, сонымен қатар, паракор тұлғалармен қарым-қатынас жасау барысында жеке құқық иелерінің зардапқа ұшырауында әсерін тигізбей қоймайды. Өйткені, кісі параны басқаларға зиян тигізу ниетімен және оларға тиесілі құқықтарды өзіне алу үшін ұсынады. Ал, өзгенің құқықтарына келтірілген зор зардаптар жемқорлықтың салдары,

нәтижесі болып табылады. Есесіне, бұл шынайы құқық иелері паракорға өз құқықтарын қарызға берушілерге айналады. Егер паракор бұл дүниеде олардың құқықтары мен хақтарын алып беруге мүмкіндік тауып, қайтарған болса, үлкен жазадан құтылған болады, әйтпесе, олар Ақырет күні паракордан құқықтарының өтемін талап еткен болар еді. Сондықтан да, паракорлықтың тигізетін зардаптарының ең қауіптісі – өзге тұлғаға тиесілі құқықты жоюы, құртуы немесе кейбір заң шығару мекемелеріндегі сот қызметшілерінің адами құндылықтан жүрдай екендігін және әкімшілік басқару жүйесінің бұзылғандығын назарға ала отырып, құқығынан айырылған тұлғалардың ақысын қатару ісі ауыртпашылық, қиындық тудырады[3; 138-б].

Жемқорлық қылмысының экономикаға кері әсерлері

Арнайы әдебиеттерде жемқорлықты экономикалық тараптан кіріс табу мақсатында қызметтік мансабын пайдалану арқылы жүретін қызметтің заңсыз түрі ретінде қарастыру ұсынылған. Бүкіл Әлемдік банктың мамандары жемқорлықты қазіргі заманның ең маңызды экономикалық проблемасы деп санайды. Олардың мәліметі бойынша бүкіл әлемдегі кәсіпкерлердің 40%-ы пара беруге мәжбүр екен.

Жемқорлық экономика мен қоғамның әр түрлі салаларына ене отырып, елдің тұрақты саяси-экономикалық дамуына ыдыратушы әсер етеді, сондықтан оның ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қауіп болып қала береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жинақталған тәжірибесі жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру қажет.

Жемқорлықтың мемлекеттік шығындарға әсері: жемқорлықтың жоғарғы дәрежесі мемлекеттік инвестициялау жобаларына байланысты шешім қабылдаудың барлық пронестерін бұзатыны түйсікпен белгілі нәрсе. Әлеуметтік инфрақұрылымның кішігірім жобалары арқылы үлкен капиталды жобаларға басымдылық бере отырып, яғни ресурстарды орналастыра отырып, заңсыз кірістер табу үшін үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізуі мүмкін. Нақты фактілер осы тұжырымды растайды. Мемлекетаралық мәліметтер негізіндегі статистикалық зерттеулер (солардың ішінде П.Моро зерттеулері) мемлекеттік шығындардың тиімділігі, соның ішінде, білім мен денсаулық сақтауға кеткен шығындар елдің жемқорлықтығы өсуімен азаяды.

Жемқорлық және халықаралық сауда: Жемқорлықтың халықаралық саудаға әсерін зерттеу барысында ескерілуі керек көптеген көрсеткіштермен талдау қиындай түседі, солардың ішінде: тілдік бөгеттер, географиялық ауқымдылық, экспорт пен импорттың құрылымы, сауда кедергілері және т.б. Алайда, жемқорлықтың саудадағы кедергінің себебі болып табылатындығы дәлелденген, яғни импортталатын тауарлардың бағасы өсуі мен тарифтік бағамдарының әр түрлілігіне алып келеді. Импорттық баж салығының әр түрлілігі кедендік шенеуніктердің импортталатын тауарлардың классификацияларымен айлакерлік әрекеттер жасай отырып, жемқорлықпен кірістер табу мүмкіндігін арттырады.

Бұл келтірілген мәліметтер жемқорлықтың бір экономика саласына келтірген кейбір әсерлері ғана.

Ислам шариғатының адам баласына жүктеген міндеттерінің бірі – адал жолмен кәсіптену, қоғамға, отанға адал қызмет ету. Кімде-кім отбасын адал жолмен асырау мақсатында шынайы еңбек етсе оның абыройы асады. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен тер төкпестен, алдап-арбау, түрлі құлық-сұмдық жолдармен тапқан дүниенің жақсы болмасы анық. Сондықтан, шариғат қылмыстылықтың кез келген түріне жол бермей, оның алдын алу шараларына, онымен күресуде зор мән береді, әрі қылмыстың зардаптарын түсіндіреді.

Негізінде, қылмыстық әрекеттер жайында нақыл сөзде келгендей: «*қылмысты алдын алуда қорғану, сақтану – оның тигізген зарарын қалпына келітуден жақсырақ*». Ислам шариғаты адамзатқа дүние заңдылықтарының дұрыс жүзеге асуын осы негізде баяндайды. Себебі, қылмысқа ұрынып, оған қол сұққаннан кейін жасалатын түзету шараларына қарағанда оның алдын алып қайтару қанша есе пайдалырақ болар еді.

Жемқорлық қылмысы қауып-қатер жағынан ауқымды қылмыстардан болып есептелгендіктен, мемлекет басшылары қашан да аталмыш қылмысқа назар салып, бақылау қажет.

Жемқорлыққа қарсы күрестің алғашқы сатысы мемлекеттік басқарудың қатаң қадағалауынан басталады. Мәселен, Алла елшісі (с.а.у.) Мединада басқшылық істерін жүргізуді өз міндетіне алатын Ислам шариғатындағы басқармалық қадағалау түрлері не ішкі қадағалау шарасы (яғни мұсылман пендесінің өзімен байланысты болған қадағалауы) немесе мемлекет басқарып, қол астындағы қызметшілерге тапсырма беретін сыртқы қадағалау шарасы, сонымен қатар, жалпы мұсылмандар бір-бірін жақсылыққа шақырып, жамандықтан тиятын қадағалау шаралары деп бөлінді.

Жоғарыдағы айтылған ішкі(жанды) басқарудағы мақсат: адам баласының өзін-өзі қадағалауы. Мәселен, жан тазалығы келесідей қағидалармен орнығады:

1. *Алла Тағалаға деген шынайы сенім:* Шынайы сенім жанның дұрысталуына, ұстанған жолдың тура болуына әкелетін тірек. Ол ішкі және сыртқы көріністі тәрбиелеуге және адамдардың құқықтары мен хақыларына сақ болуға итермелейді. Сенім сөзін жалпылама айтқанда, Алла Тағаланың разылығы мен махаббатына жеткізетін жол. Шынайы сенім Алладан сескенуге итермелейді, нәтижеде, жүрегінде қорқынышы бар адам Оның бұйрықтарын орындап, қайтарғандарынан аулақ жүреді.

2. үнемі атқарылатын құлшылықтарға (намаз, ораза, зекет, қажсылық) бекем болу: Бұл гибадаттар уақыты келсе, орындалып қана қойылатын әрекеттер емес, ішкі жанды оятып, тәрбиелікке үйретеді: «Күдіксіз, намаз арсыздықтан, жамандықтан тыяды»[1; 401-б]

3. аманатқа қиянат етуден сақсыну: «Муминун» сүресінің 3-аятында:

«Олар аманаттарын, уәделерін сақтаушы»[1; 342-б]

Міне, шаригатымыздың адамзатқа жүктеген алғашқы міндеті – түзету мен күресу шараларын адам өзінен бастауы, нәтижеде, осындай әрекеттерімен де қоғамның дұрыс қоғам болып қалыптасуына себепші бола алады.

Жемқорлық қылмысы әлемнің барлық елдерінде өзекті мәселе болып отырған әлеуметтік және экономикалық, саяси-халықаралық проблемаға айналды. Қазақстан Республикасы өз кезегінде, осы дертке қарсы табысты реформалар жүргізін келеді, яғни жемқорлыққа қарсы күрес тиімділігін арттыруда бірнеше нормативтік заңдар қабылданды. Қазіргі таңда, жемқорлықпен күресудің көптеген әдістері қарастырылуда: мемлекет заңын нығайту, оның орындалуын қатаң қадағалап бақылау, заңға бағынбаған тұстарда жазалау түрлерін күшейту секілді. Дегенмен, елдің хал-ахуалы мен тұрақтылығын сақтауда бұл дертпен күресудің ең тиімді, нәтижелі жолдарын әрдайым қарастыру «Отаным» деп жүрегі соққан әрбір азаматтың міндеті. Осы тұрғыда, ғылыми мақалаларда, еңбектерде жемқорлық мәселесін талдау, өзекті мәселенің шешілу жолдарын қарастыру ел сауаттылығына жауапты жанаашыр ғалымдардың құзырында. Бұл тақырыпты түпкілікті зерттеп, біліп, мақалалар, ғылыми еңбектер жазу басты міндеттердің бірі болмақ.

Алла Тағала өз кітабында адамға кез келген күнәларға жақындамауды бұйырады. Пайгамбарымыз айтқандай: «қылмыс атаулының есігін ашсаң, сол есікке кірмей қоймайсың» деп ескертуі де осыны меңзейді. Сол үшін, осы қылмыстың есігіне, яғни оған жақындататын әрекеттерге жеңілдік танытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Халифа Алтай, «Құран Кәрім қазақша мағынасы», Алматы, 2000 ж
[2] Имам Әбу Дәуід Сұлайман ибн әл-Әшғаб әс-Сажистани «Сүнану Әби Дауд», 3 т, Бейрут: «Дару ибн Хазм» 1997 ж
[3] Ибраһим ибн Салих ибн Хамд Әр-Рауәжи, «Тәдәбирул-уәқия мин жәримәтир-ришуәти фиш-шаригатиль-исләмия» атты диссертациясы, Сауд Арабиясы, 2003 ж.

REFERENCES

- [1] HalifaAltaj, «ҚұранКәрімқазақшамарынасы», Almaty, 2000 zh. (inKaz.).
[2] Imam Әbu Dәuid Sұlajman ibn әl-Әshғab әs-Sazhistani «Sұnanu Әbi Daud», 3 t, Bejrut: «Daru ibn Hazm» 1997 zh. (inKaz.).
[3] Ibrahim ibn Salih ibn Hamd Әr-Ra#uәzhi, «Tәdәbirul'-uәқija min zhәrimәtir-rishuәti fish-shariratil'-islәmija» atty dissertacijasy, Saud Arabijasy, 2003 zh. (in Kaz.).

УДК: 323.1+343.352:297

С.Б. Омарова

Магистрант Египетского университета исламской культуры

ВЛИЯНИЕ КОРРУПЦИИ НА ОБЩЕСТВО, ЭКОНОМИКУ, НА НАЦИОНАЛЬНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ И МЕТОДЫ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ В ИСЛАМСКОМ ШАРИАТЕ

Аннотация. Религия ислам обращает большое внимание на мир и спокойствие общества и старается бороться с любыми видами преступного проявления. Коррупция – это преступление, порожаемое ложью. Взяточник и получатель помогают друг другу не только во лжи, но и в сокрытии очевидного. Он ломает структуру и основу государства, постепенно разрушая его. Кроме того, негативно влияет на характер человека и разрушает такие качества, как доверие и стыд. Поэтому шариат не только пресекает любой вид преступления, но и предупреждает его, борясь с ними. Кроме того, задача состоит в том, чтобы разъяснить коррупцию как общественную проблему, обманывающую человека, подталкивающую человечество кочков-тирательству, мещанству и духовной деградации.

Ключевые слова: последствия коррупции, духовное очищение и воспитание, предупреждение опасности, упорство.